

KAZENERGY INSIDE

02 НАУРЫЗ - СӘУІР 2016



ШЫҒАРЫЛЫМДА:

- Қазақстан-американдық энергетика саласында үлкен кездесу
- Ұлттық энергетикалық баяндама
- Қазақстан және Халықаралық көмірсутекті шикізат қорын есепке алу жүйесі
- Сұхбат: А. Сәтқалиев
- Шеврон компаниясынан Audiokitap

АҚШ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРІ ЭРНЕСТ МОНИЗГЕ «ҰЛТТЫҚ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ БАЯНДАМАНЫҢ» 2-ШІ ШЫҒАРЫЛЫМЫ ТАБЫС ЕТІЛДІ

6-сәуірде ҚР және АҚШ Энергетика министрлері Қанат Бозымбаев пен Эрнест Монудың қатысуымен Энергетика саласындағы серіктестік жөніндегі арнаулы қазақстан-американдық комиссиясының 11-ші пленарлық мәжілісі өтті. АҚАК жұмысына қазақстан тарабынан бірқатар Ұлттық компаниялар, зертеу орталықтары және KAZENERGY қауымдастығының басшылары қатысты.

Екі жақ тарап ядролық қару таратпау, ядролық қауіпсіздік, энергия тиімділігі және көміртекті секвестрлеуге қатысты бірқатар өзекті мәселелер жөнінде пікір алысты.

Бірінші кезекте Мониз мырза еліміздің бұлжымас ұстанымын және Нұрсұлтан Назарбаевтың ядролық қаруды таратпау және жаһандық ядролық қауіпсіздікті нығайту жолындағы дәйекті саясатын жоғары бағалады.

Бозымбаев мырза өз тарабынан Мониз мырзаға ядролық қауіпсіздік мәселесінде көрсеткен жан-жақты қолдауы үшін алғыс айтты және біздің елімізде Аз байытылған

уран банкін (АБУБ) құрудағы американдық тараптың маңызды рөлін атап көрсетті. Бұл жоба бейбіт жолдағы атом энергетикасын дамытуға бағытталған, АЭХА мүше елдерге ядролық отынның кепілдікті жеткізілуі - оның негізгі міндеті болып табылады.

Американдық компаниялардың республикадағы мұнай-газ секторында атқарып жатқан жұмыстары, «жасыл» энергетика технологиясын енгізу, сонымен қатар АҚШ компанияларының «Болашақ энергиясы» тақырыбында өтетін «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесіне қатысу мүмкіндігі де бір сағатқа таяу уақыт бойы талқыланды.

Кездесу нәтижесінде «Қазақстан-америка серіктестігінің тең төрағаларының бірлескен өтінішіне» қол қойылды, онда Ядролық физика институтының (ЯФИ) зертеу реакторының ВВР-К жоғары байытылған уран отынынан аз байытылған уран отынына конверсиясындағы және энергетика саласындағы

бірқатар бірлескен жобалардағы елеулі прогресс атап көрсетілді.

Мәжіліс барысында АҚШ Энергетика министрі Эрнест Мониз бен KAZENERGY қауымдастығының бас директоры Болат Ақшолоақов кездесті, онда американдық истеблишмент өкіліне республиканың өндіруші саласының даму перспективаларына KAZENERGY қауымдастығының стратегиялық көзқарасы бейнеленген «Ұлттық энергетикалық баяндаманың» 2-ші шығарылымы табыс етілді. Бұл - жан-жақты талдау жасалған басылым, оны өзірлеуге американдық мамандар және IHS Вице-Төрағасы, Пулитцер сыйлығының Лауреаты Дэниел Ергин жеке өзі қатысты және бұл басылым тек қазақстандық үкімет пен бизнестің ғана емес, ең бастысы Қазақстанның отын-энергетикалық кешенінің барлық басымдықтары мен инвестициялық тәуекелдеріне баға беретін шетелдік инвесторлардың қызығушылығын туғызады.

KAZENERGY ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ 2-ШІ «ҰЛТТЫҚ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ БАЯНДАМАСЫ»



2016 жылғы 05-сәуірде «Ұлттық энергетикалық баяндаманың» 2-ші шығарылымына арналған баспасөз конференциясы өтті

Конференцияға KAZENERGY қауымдастығы Төрағасының орынбасары Ұ.С.Қарабалин, KAZENERGY қауымдастығының Бас директоры Б.О.Ақшолоқов, «Самұрық-Энерго» АҚ стратегия және сату жөніндегі басқарушы директоры К.Т.Молдабаев, Energy Insight IHS Africa ғылыми қызметкері Д.Берков қатысты.

Ұлттық энергетикалық баяндаманың 1-ші шығарылымы шыққаннан бергі екі жыл ішінде мұнайдың дүниежүзілік бағасының құлдырауына әсер еткен, атап айтқанда кен орындарын геологиялық барлау және игеруге инвестициялардың азаюы, энергия тасымалдаушылардың басқа түрлеріне де сұраныстың азаюы сияқты бүкіл әлемде маңызды геосаяси және экономикалық үдерістер орын алды.

«Ұлттық энергетикалық баяндаманың» екінші шығарылымында дүниежүзілік экономиканың негізгі үрдістерінің қазақстандық сегменттегі жағдайға әсері, қазақстан мұнайының ауқымын сақтап қалу және арттыру мүмкіндіктері жан-жақты талданады. Баяндама авторлары оған қоса: көмір өндірісінің болашағына, қазіргі жағдайға және қазақстан уранына сұраныс перспективасына, электр энергиясы өндірісін ұлғайтудың тиімділігіне және басқаларына зерттеу жүргізді.

«Ұлттық энергетикалық баяндаманың» екінші шығарылымындағы іргелі тұжырымдардың бірі экономикасы кемелденген көптеген елдерде байқалып отырған ЖІӨ өсу қарқынынның төмендеу сипатын және дүниежүзілік нарықтағы жағдайларды ескере отырып, Қазақстан экономикасының өсу қарқынын болжамдау болып та-

былады. Дегенмен ЖІӨ-нің мұнай саудасына тәуелді болуына және «голландиялық сырқатқа» байланысты макроэкономикалық тәуекелдер Ұлттық қордағы мұнай саласынан түсетін түсімді «стерильдеу» саясатымен жеңілдетіледі. Қазіргі кезең тек энергетикалық сала үшін ғана емес, жалпы қазақстан экономикасы үшін де қиын-қыстау кезең. Қазірде республиканың мұнай-газ саласын дүниежүзілік сын-қатерлерге біртін-біртін бейімдеу, қазақстан мұнайын өткізетін нарықты сақтап қалуға мүмкіндік беретін сарапталған, тұжырымдалған уақтылы шешім қабылдау қажеттігі және еліміздің тұтынушылары үшін мұнай өнімдері бағасының қолжетімді болуы мәселесі ең өткір мәселе болып тұр.

ҰЭБ авторлары электр энергиясын тұтынушылар санының өсу келешегі туралы айта келіп, энергия тұтынушылардың саны бұрын болжамданған мөлшерден аз болатынын атап көрсетеді. Болжам бойынша электр энергиясын қорытынды тұтыну мөлшерінің орташа жылдық қарқыны 2015-2040 жылдар аралығында 1-1,2% деңгейде болады. Және де электр энергиясы өндірісінің ауқымы 2030 жылы 111 млрд. кВт*сағ. деп бағаланып отыр, мұның өзі кем дегенде 34 млрд. кВт*сағ., яғни Қазақстан бойынша базалық болжамнан аз.

Баяндама бойынша 2015 жылы Қазақстанның маңызды серіктесі әрі энергия ресурстарының ірі тұтынушысы Қытайдың энергетикалық секторының дамуына зерттеу жүргізілген. Қытай энергия ресурсын өткізетін ірі нарық болып қала береді деп күтілуде. Десе де Қазақстанның Қытайға көмір және электр энергиясын экспорттау бойынша мүмкіндіктері шектеулі. Қытайға уран экспорты ондағы уран қорының жинақталу қарқынына байланысты болашақта 56% үлеспен азайтылуы мүмкін. Мұнай өнімдерін тұтыну бөлігінде Қазақстанда оны тұтыну мөлшері біршама өседі және МӨЗ жаңартылуына қарай өндіріс және тұтыну балансына қол жеткізіледі деп күтілуде.

Баяндама авторлары мұнайға деген дүниежүзілік сұраныстың азаюына қарай газ өндіру және тұтыну мөлшерінің арта-

тынын болжамдап отыр. Ішкі нарыққа табиғи газ жеткізілімінің артуы бірте-бірте энергия ресурстарын тұтыну құрылымында көмірдің орнын басады деп күтілуде.

Қазақстанда энергия ресурстарын тұтыну балансында көмірді пайдалану үлесі шамамен 66%, құрайды, алайда республикадағы газ өндірісінің, атом энергетикасы және жаңармалы энергия көздерінің дамып келе жатқанын ескерсек, көмір үлесі 2040 жылға қарай 40% дейін төмендейді деп болжаманған.

Дүниежүзілік экономиканың кез келген сценарийінде Қазақстан уран өндірісі бойынша көшбасшы болып қала бермек, мұның өзі Қазатомпром менеджменті қызметтерінің және жерасты ұңғымалаудың экологиялық таза технологиясын қолдану нәтижесінде мүмкін болып отыр. Сонымен қатар баяндамада елдің жасыл экономикаға көшу бағдарламасы шеңберінде атом станцияларын салу артықшылықтары туралы идея айтылған.

Жалпы алғанда, «Ұлттық энергетикалық баяндаманың» 2-ші шығарылымы - ҚР отын-энергетика кешенінің қазіргі жағдайына және даму келешегіне толық зерттеу жасалған еңбек.



Онда мамандардың эксклюзивтік аналитикалық және сараптық тұжырымдары, сонымен қатар Қазақстанның отын-энергетика кешенінің инвестициялық тартымдылығын жақсарту бойынша бірқатар ұсыныстар берілген.

«Ұлттық Энергетикалық баяндама - 2015»-ті қауымдастыққа мүше компаниялардың – «ЭксонМобил Қазақстан Инк.» және «Самұрық-Энерго» АҚ-ның қолдауымен KAZENERGY қауымдастығы әзірледі. ҰЭБ әзірлеуге IHS Вице-Төрағасы және Пулитцер сыйлығының лауреаты Дэниел Эргиннің жеке өзінің қатысуымен энергетика саласындағы жетекші халықаралық консалтингтік компаниялардың бірі - IHS ENERGY қатыстырылды.

КАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨМІРСУТЕКТІ ШИКІЗАТ ҚОРЫН ЕСЕПКЕ АЛУ ЖҮЙЕСІ



ретінде жетекші халықаралық салалық ұйымдар қолдайтын және көптеген елдерде пайдаланылатын Petroleum Resources Management System (PRMS) – сұйық, газ тәрізді және қатты көмірсутек ресурстары мен қорларын басқару жүйесі зерттелуде.

Осылайша, мәжіліс барысында қазақстандық және халықаралық есепке алу жүйесіне талдау жасалды. Саланың қазіргі жағдайы және жер қойнауын пайдалану нысандарының инвестициялық тартымдылығын арттыратын қажетті шарттар туралы

Көмірсутекті шикізат (КСШ) қорын есепке алатын халықаралық жүйеге Қазақстан қалай көшетін болады және республиканың геологиялық барлау саласындағы қызметтерінің ерекшелігін ескере отырып бұл жүйені қабылдау және енгізу үшін қандай қадамдар жасау қажет? Осындай өзекті мәселелер KAZENERGY қауымдастығында өткен арнайы мәжілістің күн тәртібіндегі басты тақырып болды.

Мәжілісті ҚР Энергетика вице-министрі Әсет Мағауов пен KAZENERGY Бас директоры Болат Ақшолоақов басқарды және меморгандардың, ұлттық және халықаралық компаниялардың өкілдері қатысты.

Қазақстанда КСШ қорын есепке алатын халықаралық жүйені қабылдау мәселесі – энергетика саласындағы басым мәселелердің бірі. Әлеуетті инвесторлар қорлар туралы дәл әрі сенімді деректерге сүйенеді, сәйкесінше, дүниежүзінде мойындалған стандарттар мен әдістерді ғана назарға



айтылды. Кен орындарын тиімді игеру және қолданыстағы қорларды есепке алу жүйесі шеңберінде МАК (мұнай алу коэффициенті) қол жеткізу мәселесі, жаңа Жер қойнауы туралы кодексті әзірлеуді ескере отырып, жер қойнауын пайдалану мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың (ҚМК, БИОК және басқ.) рөлдері мен міндеттері талқыланды.



ForexAW.com

алады. Қазіргі уақытта Қазақстанда 2005 жылы бекітілген КСШ қорларын топтастырғыш қолданылады. Балама

«АТАМЕКЕН» ҚР ҰЛТТЫҚ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ МҰНАЙ-ГАЗ ӨНДІРІСІ КОМИТЕТІНІҢ 17-ШІ МӘЖІЛІСІ

2016 жылғы 06-сәуірде Д.Р.Абылғазиннің төрағалық етуімен «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Президиумының Мұнай-газ өндірісі комитетінің (бұдан әрі – Комитет) 17-ші мәжілісі өтті

Күн тәртібінде мемлекеттік органдардың жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу жүйесін реформалау жөніндегі ұсыныстарына ерекше көңіл бөлінетін Біріккен Салық және Кеден кодексін қалыптастыруға байланысты мәселелер қаралды. Комитет мүшелері бірыңғай ұстаным қалыптастыру және оларды уәкілетті мемлекеттік құрылымдармен талқылау мақсатында осы ұсыныстарды мұнай-газ секторындағы кәсіпорындармен және компаниялармен бірлесіп қарастыру қажеттігін ұсынды. Мәжіліске қатысушылар заң шығару саласындағы, атап айтқанда «Жер қойнауын пайдалану туралы» Кодекс жобасына, «Офсеттік келісімдер туралы» заң жобасына, экологиялық заңдарға өзгерістер енгізу және оларды әзірлеу саласындағы KAZENERGY қауымдастығы атқарған жұмыстарды да талқылады. Экология бойынша мәселелер, білім беру бағытындағы қызметтер қаралды, жер қойнауын пайдаланушылардың қаржысы есебінен оқу мүмкіндіктері талқыланды және қол жеткен жетістіктер туралы айтылды. Қауымдастық өзінің мүшелерімен бірлесіп жастардың болашақта энергетика саласында жұмыс істеуі үшін олардың білім алуына қолдау көрсету бағытында көптеген жұмыстар атқаруда. Жетекші салалық компаниялардың көмегімен еліміздің мамандандырылған ЖОО-да (ҚБТУ, КИМЭП және басқ.) оқуға білім гранттары бөлінді. Осы орайда жер қойнауын пайдаланушылар есебінен кадрларды даярлау бойынша KAZENERGY тәжірибесінің тиімді екені және бұл істі дамыта түсу қажеттігі атап көрсетілді. Мәжіліске қатысқан NCOС компаниясының өкілі, өз кезегінде, осы мәселелердегі бірлескен әрекеттестіктің тиімділігі жоғары екенін атап көрсетті және осындай игілікті істің жалғасын таба беретініне сенім білдірді.



РОСАТОМ

«Росатом Орталық Азия» KAZENERGY Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдары қауымдастығының жаңа мүшесі атанды

«Росатом Орталық Азия» «Росатом» Мемлекеттік корпорациясының Қазақстандағы және Орталық Азия елдеріндегі ресей атом саласының кәсіпорындарында өнімдер мен қызметті жылжытуды қамтамасыз ететін аймақтық орталық болып табылады.

"Росатомның" кәсіпорындары - Қазақстанның энергетикалық кластерінің белсенді қатысушылары. Біз Мемлекеттік корпорацияның KAZENERGY Қауымдастығы қызметіне үлес қоссақ деген ниеттерін қарсы алып, қолдау білдіреміз. "Росатом" секілді есімі әлемге танымал компанияның жұмысы саланың дамуына халықаралық тәжірибелерді шоғырландыруға және қолдануға мүмкіндік береді. «Росатом» секілді есімі әлемге танымал компанияның Қауымдастыққа қосылуы саланы дамыту үшін халықаралық тәжірибелерді шоғырландыруға және пайдалануға мүмкіндік береді. Біз өзіміздің ынтымақтастығымызды атом энергетикасын дамыту, электрэнергетикасын жетілдіру, энергия көздерін жаңарту, мұнай-газ саласы, ғылым мен инновацияны дамыту сияқты кеңістіктерден көреміз», - дейді «KAZENERGY» Қауымдастығының Бас директоры Болат Акчулаков.

Интегратор рөлін атқарушы KAZENERGY платформасында «Росатом» кәсіпорындары», Қазақстанның мұнайгаз және энергетика кешендерінің нарығына шығуға жаңа мүмкіндіктер алады. Ресей атомдық энергия өнеркәсіптік кешені Ресейдегі және шетелдегі атом нысандары құрылыстарының мұқтаждықтарын қамтамасыз етумен қатар, мұнайгаз өнеркәсібі мен жылуэнергетикасына арналған жабдықтарды өндіруде үлкен құзіреттерге ие болады. Сонымен қатар Росатомның машина тұрғызу дивизионы кәсіпорны тек жабдықтар өндірумен шектелмейді, сондай-ақ Қазақстанда жоғары сұранысқа ие болуы мүмкін ТЭС үшін қазандық жабдықтарын жетілдіруді жүргізеді. Біз қауымдастық мүшелерімен, энергетикалық нарықтың әлемдік және аймақтық басты ойыншыларымен ынтымақтастығымызды бірлескен кәсіпорындар құру арқылы дамытуды көздеп отырмыз,- деп өз ойын білдірді «Росатом Орталық Азияның» Бас директоры Сергей Громов.

Анықтамалық:

«Росатом» кәсіпорындарында мұнайды, газды және газ конденсаттарын өңдеуге, мұнай өңдейтін зауыттардың технологиялық жабдықтарына арналған технологиялық жабдықтардың кең спекторы өндіріледі. Мұнайхимия аппаратурасы жаңадан құрылған өнеркәсіптер үшін және қолданыстағы нысандарды қайта қалпына келтіру үшін дайындалады.

«Росатом» Мемлекеттік корпорациясының жылу станциялары үшін басты өнімі қуаттылығы 50-ден 800 МВт-қа дейінгі энергоблоктарға арналған, жанармайдың алуан түрлерімен: мазут, газ, қатты жанармай (тасты және қоңыр көмір, лигниттер) жұмыс істеу үшін ілгері техникалық шешімдерді ескере отырып жасалған қазандықтар (табиғи айналмалы, жоғары критикалық өлшемдерде барабанды және тік нақтылы) болып табылады. Мемлекеттік корпорация кәсіпорындары 152 отандық және шетелдік электрстанциялары үшін жалпы қуаттылығы 66 млн кВт-тан жоғары, соның ішінде 16 млн кВт-тан астамы экспортқа шығарылған, шамамен 700 қазан агрегаттар өндірген. Қазандар әлемнің 20 шақты еліндегі электрстанцияларда жұмыс істейді.

ҚАЗБА ОТЫНДЫ ТАЗА ПАЙДАЛАНУ



ЭКСПО — 2017 халықаралық мамандандырылған көрмесі аясында, БҰҰ ЕЭК Тұрақты энергетика жөніндегі министрлік конференциясын өткізуге даярлық шеңберінде, сонымен қатар ҚР Үкіметіне «жасыл экономика» стратегиясын іске асыру бойынша көмек көрсету мақсатында «Қазба отын «Жасыл көпір» бастамасының маңызды элементі дәрежесінде қолданылатын алдыңғы қатарлы технологиялар» деп аталатын екі күндік семинар өтті

Бұл семинарды БҰҰ ДБ және KAZENERGY қауымдастығының қолдауымен БҰҰ ЕЭК ұйымдастырды. Оған ҚР Энергетика вице-министрі Бақытжан Жақсалиев, ҚР өзге де мемлекеттік органдары мен ведомстволары, сонымен қатар ірі энергетикалық компаниялар және ғылыми зерттеу институттарының өкілдері қатысады. Оған қоса, халықаралық ұйымдардың өкілдері де атсалысады (БҰҰ ДБ, БҰҰ ЕЭК, АҚШ Энергетикалық қауымдастығы, Таза көмір орталығы, ХЭА, Дүниежүзілік Көмір қауымдастығы, General Electric және т.б.).

Аталмыш шараның мақсаты - Қазақстандағы көмір өндірісінде экологиялық таза және экономикалық тиімді технологияларды пайдалану және дамыту өзектілігін қарау және қазақстандық серіктестермен бірлесіп ҚР Президенті Н.Назарбаевтың БҰҰ бастамасымен Астана қаласында жасыл технологиялар мен инвестициялық жобалардың халықаралық орталығын құру бойынша бастамасын енгізу мүмкіндігін зерттеу. Сонымен қатар, семинар барысында шет мемлекеттердің, атап

айқанда АҚШ пен Жапония елдерінің тәжірибесіне ерекше көңіл бөлінеді.

Қазақстан Республикасында тұрақты энергетиканы дамыту саласында көптеген жұмыстар атқарылуда. Қажетті заңнамалық база құрылды, нақты мақсаттық көрсеткіштерді белгілейтін стратегиялық құжаттар кешені қабылданды. Алайда, KAZENERGY қауымдастығының атқарушы директоры Рамазан Жампейсов өз баяндамасында атап өткендей, елдің спецификасын, сонымен қатар энергетикалық нарықты дамыту және экономикалық қолайлылық тренділерін ескерсек, кейбір мақсаттық индикаторлар қайта қаралуы тиіс. Оған қоса, қабылданған тұжырымдамалар мен бағдарламаларды іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары кейбір міндеттерді декларативтік деңгейде қалдыра отырып,



алға қойған міндеттерге қол жеткізу бойынша нақты қадамдарды көздемейді. Көмір - Қазақстан энергетикасының негізі. Көмір генерациясының үлесіне елімізде өндірілетін электр энергиясының 70%-дан астамы және тұтынылатын бастапқы энергия ресурстарының 60%-дан астамы жатады. Таяудағы 20 жыл ішінде көмірдің маңыздылығы жойыла қоймайды, сондықтан біздің ел үшін таза көмір технологиясын дамытудың мәні зор. ЖЭК үлесінің қарқындап өсуі көмір станцияларының тиімділігін төмендетуі және дәстүрлі энергетикаға шамадан тыс қаржы жүктемесін артуы мүмкін, осының нәтижесінде негізгі қорларды жаңартуға инвестиция салу мүмкіндіктерін азайтуы мүмкін.

Қазіргі уақытта көптеген бағдарламалар мен жоспарлар бар, дегенмен көмір өнеркәсібі мен генерациясын дамытудың нақты стратегиясы әлі күнге жоқ. Көмір генерациясының басты қиындықтары көпке мәлім, ол – жабдықтардың тозығы жеткен, станциялардың ПИК төмен, күлі көп шығатын көмір пайдаланылады және атмосфераға зиянды заттар көп шығарылады, күл-шлак қалдықтарын жинау қиындықтары бар және т.б. Осыған байланысты, көмір өнеркәсібі мен электр энергетикасын дамыту саласындағы ҚР мемлекеттік саясатын әрі қарай түзете отырып, электр станцияларын кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізу қажет болып отыр деп көрсетіледі KAZENERGY баяндамасында.

Өңірдегі тұрақты энергетиканы дамытуға көмектесу мақсатында, сонымен қатар Мыңжылдықтарды дамыту мақсатын алға бастыру үшін БҰҰ ЕЭК KAZENERGY қауымдастығымен, сонымен қатар «Астана ЭКСПО 2017» ҰК» АҚ-мен бірлесіп ҚР Үкіметінің қолдауымен тұрақты энергетика жөніндегі министрлік конференцияны «Болашақ энергиясы» ЭКСПО 2017 халықаралық мамандандырылған көрмесі өтетін күндері өткізуді жоспарлап отыр.





«Самұрық -Энерго» АҚ Басқарма Төрағасы, Дүниежүзілік Энергетикалық Кеңес жанындағы Қазақстан Ұлттық комитетінің төрағасы А.Сәтқалиев Қазақстанның энергияның ауысуы туралы:

«Біздің стратегиялық мақсатымыз – жасыл экономиканы құру болып табылады».

Қазақстандағы электр энергиясының ірі жеткізушісі Самұрық-Энерго еліміздің экологиялық тұрғыдан қауіпсіз энергетикалық жүйеге көшу жөніндегі өршіл жоспарларында негізгі орындардың бірін иеленеді. Ең үлкен проблема, - дейді «Самұрық-Энерго» компаниясының Басқарма Төрағасы Алмасадам Сәтқалиев «World Energy Focus» үшін берген эксклюзивті сұхбатында, - Қазақстанның көмір электр станциялары өндіретін электр энергиясына бағаның мейлінше төмен болуы. Алайда бұл еліміздің даму бағытын өзгертпейді, - дейді Сәтқалиев. «Стратегиялық мақсат – жасыл экономиканы құруда».

«Біздің жағдайымыз әлемдегі көптеген басқа да энергетикалық компаниялардың басынан кешіп отырған жағдаймен бірдей. Біз неғұрлым бәсекеге қабілетті болуға және акционерлер үшін құндылықтарды жасауға тиіспіз. Сөйтіп, біз орнықты дамуға қол жеткізуге тиіспіз. Бұл – біздің ең басты екі міндетіміз».

Қазақстанның энергияның ауысуы туралы мәселені көп адам еліміздің электр энергиясының негізгі жеткізушісі – Самұрық-Энергоның Басқарма Төрағасы ғана емес, сонымен бірге басқа да көптеген жетістіктерге қол жеткізген бұрынғы Энергетика министрінің орынбасары және еліміздің энергия беру жүйесінің ұлттық операторы болып табылатын Қазақстан электр желілерін басқару компаниясының (KEGOC) бұрынғы Президенті және Төрағасы болған Алмасадам Сәтқалиев білгендей егжей-тегжейлі біле бермес.

Ол сонымен қатар Қазақстан энергетикасының проблемаларын неғұрлым кең халықаралық аспектіде қарастыруға жәрдемдескен Дүниежүзілік Энергетикалық Кеңес жанындағы Қазақстан Ұлттық комитетінің төрағасы болып табылады. «Біз Кеңес аясында идеялар алмасу арқылы барынша көбірек үйрендік. Біз әр ел өзіне тән жеке шешім табуға тиіс болса да, бәріміздің ұқсас міндеттеріміз бар екенін білеміз».

Қазіргі кезде еліміздің 35% электр энергиясын және 40% көмір энергиясын өндіретін Самұрық-Энерго Қазақстанның өзі секілді түрлі өзгерістер кезеңін басынан кешіріп жатыр. Бәсекелестік пен жекешелендіруге деген ұмтылыс бар. Самұрық бұрынғысынша мемлекетке тиесілі, бірақ ішінара жекешелендіруге дайындалуда. Ішкі нарық ырықтандырылды және оның «бәсекеге қабілеті жоғары» дейді Сәтқалиев. «Сатуды ұлғайту және жаңа өткізу нарығын табу үшін компанияда терең өзгерістер үдерісінен өтудеміз».

Мұнымен қатар, Қазақстан өзіне 1990 жылмен салыстырғанда 2030 жылға қарай парниктік газдарды 15-25%-ға қысқарту бойынша міндеттемелер алды. 2009 жылы жаңартылатын энергия көздеріне қолдау көрсету туралы және 2012 жылы энергия үнемдеу туралы заңның қабылдануымен байланысты біздің еліміз Орталық Азиядағы төмен көміртекті экономикаға көшу стратегиясын әзірлеген алғашқы мемлекет болды. Самұрық бұл көшу үдерісінде басты әрекет етуші тұлға болып табылады. «Біз өнеркәсіптік ауқымдағы жел электр станциясын салған алғашқы компания болып табыламыз. Сонымен қатар күн энергиясы мен энергияны шоғырландыруды пайдалануда да алғашқылардың біріміз».

Үкімет өзінің алдына 2020 жылға дейін жалпы қуаты 3054 МВт ЖЭС объектілерін салуды мақсат етіп қойды, оның ішінде 1787 МВт – жел электр станцияларының, 714 МВт – күн электр станцияларының, 539 МВт – су электр станцияларының және 15 МВт – биогаз станцияларының үлесіне тиеді. 2050 жылға қарай электр өндірудегі ЖЭК үлесі 50%-ға жетуі тиіс.

ТЫМ АРЗАН КӨМІР

«ЖЭК үлесін өсіру науқанындағы ең үлкен кедергі тым арзан көмірді көптеп өндіру болып табылады» дейді Сәтқалиев. «Ішкі арзан көмір қорымыздың көптігінен электр энергиясының көтерме бағасы киловатт-сағатына 2,2 центті (доллар) құрайды». Жаңартылатын энергия көздері мұндай төмен баға жағдайында бәсекеге түсе алмайтындықтан, Үкімет қазіргі кезде жаңартылатын энергия көздері үшін ынталандырушы тарифтерді ұлғайту мүмкіндігін зерттеуде. Бірақ Сәтқалиев төмен көміртекті экономикаға көшу көмірге Қазақстанда тәуелділіктің мықты болуына әрі экономикалық өсудің қажеттілігіне байланысты бірте-бірте атқарылатын үдеріс болатынын мойындайды. «Біздің ағымдағы жағдайымыз энергетикалық кешенді тез өзгертуімізге мүмкіндік бермейді. Болжамға сәйкес, көмір біздің энергиямыздың кем дегенде екі онжылдық көлемінде аса ірі энергия көзі болып қала береді».

Көміртекті тұту және сақтау (КТС) Қазақстан үшін көмірдің бәсекеге жарамды бағасын сақтай отырып, өзінің климаттық міндеттемелерін орындауы үшін тартымды нұсқа болуы мүмкін. Сәтқалиев: «КТС біз үшін ойын ережесін өзгертетін фактор болуы мүмкін. Бұл көмірдің төмен көміртекті келешек бағытындағы жалғастырушы буын болуына мүмкіндік береді».

«Қазақстан КТС мүмкіндіктерін мұқият зерттеуде» дейді Сәтқалиев. Еліміздің сарапшылары Канаданың Саскачеван провинциясындағы «Баундари Дам» жобасын барып көрді, сондай-ақ Қазақстан Стэнфорд университетінің «Стэнфорд Энерджи 3.0» [<https://se3.stanford.edu>] бағдарламасына қосылды, ол КТС саласындағы маңызды зерттеулерді қамтиды. Алайда қазіргі кезге дейін ешқандай нақты инвестициялар жүзеге асырылған жоқ. Сәтқалиев осы бағыттағы ілгерілеуге байланысты бес жыл ішінде КТС саласында инвестициялық шешімдердің қабылдануын күтеді.

Сәтқалиевтің айтуынша, КТС-тің дайын технологияларын пайдаланатын көмір электр станциялары тіпті еліміздің айтарлықтай уран қоры бола тұрса да, Қазақстандағы атом электр станцияларымен салыстырғанда экономикалық жағынан тиімді болып табылады. Бұл уранды үлкен пайдамен экспорттауға болатынына байланысты, ал төмен сұрыпты отандық көмір олай экспорттауға келмейді.

Сәтқалиев сондай-ақ энергетикалық секторда көмірді газға ауыстыру мүмкіндіктерін де көреді. «Биыл біз тұңғыш рет өзімізді жеткілікті деңгейде газбен қамтамасыз еттік. Осы кезге дейін біз газды Түрікменстаннан, Өзбекстан мен Ресейден импорттауымызға тура келді. Мен көмір электр станцияларын газ электр станциялары мен ЖЭК-объектілерін үйлестіре отырып ауыстыру неғұрлым мақсатты шешім болады деп ойлаймын».



ОРТАҚ НАРЫҚ

Басқа негізгі іс-шара Еуразия Экономикалық Одағы аясында жоспарланып отырған бірыңғай энергетикалық нарықты құру болып табылады, оған Қазақстаннан бөлек Беларусь, Ресей, Армения және Қырғызстан кіреді. «Біздің электр энергиямыз бәсекеге өте қабілетті болғандықтан, бұл бізді қуатты экспорттау үшін жаңа мүмкіндіктермен қамтамасыз етеді» дейді Сәтқалиев.

Қазақстанның энергияның ауысуы кезеңіндегі неғұрлым маңызды элементтердің бірі энергия тиімділігін арттыру болып табылады. Компаниялар 2015 жылдан бастап әрбір 5 жыл сайын энергия аудитінен өтуі қажет және энергия сыйымдылықты арттыру бойынша жол карталарын әзірлеу ұсынылады. Бірақ электр энергиясына бағаның тым төмен болуы бұл бағыттағы ілгерілеушілікке кедергі жасайды дейді Сәтқалиев. Сөзін қорыта келіп, ол былай дейді: «Өнім берушілер тиісті пайда алу үшін ішкі нарықтағы бағалар барынша жоғары болуы, сондай-ақ жаңартылатын энергия көздері мен энергия тиімділігін пайдалануға ынталандырылуы тиіс».

Алмасадам Сәтқалиев 1992 жылы Қазақ мемлекеттік университетін бітіріп, онда механика және қолданбалы математика саласы бойынша маманданды. 2015 жылы Назарбаев Университетінде Жоғары бизнес мектебін «Басшыларға арналған Іскерлік Әкімшілік ету магистрі» бағдарламасы (Executive MBA) бойынша (Дьюк университетінің жанындағы Фукуа бизнес мектебімен бірлескен бағдарлама). Ол Қазақстан Жаратылыстану Ғылымдары академиясының академигі, Ресей Жаратылыстану Ғылымдары академиясының шетелдік мүшесі болып табылады.

Толық сұхбат: World Energy Focus # 22, April 2016

МҮШЕЛЕРДІҢ ЖӘНЕ СЕРІКТЕСТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

«ЭКСОНМОБИЛ» КОРПОРАЦИЯСЫ «ЭКСОНМОБИЛ ҚАЗАҚСТАН ИНК.» КОМПАНИЯСЫНЫҢ ЖАҢА БАСҚАРУШЫ ДИРЕКТОРЫН ТАҒАЙЫНДАДЫ



2016 жылдың қаңтарында, дүниежүзінің жетекші халықаралық мұнай және газ компаниясы «Эксон Мобил» Қазақстандағы «ЭксонМобил Қазақстан Инк.» еншілес компаниясының Басқарушы директоры лауазымына Шерил Гомез-Смитті тағайындағанын хабарлады. Гомез-Смит ханым 2013 жылдан бері компанияны басқарып келген Бруно Жардэнның орнына келді.

«ЭксонМобил» компаниясында өзінің

кәсіби жолын 1990 ж Техастағы «Эксон» өндіріс жұмыстарына және Ресейдің Қиыр Шығысындағы инженерлік-техникалық инженері болып бастаған ол, кейіннен, жұмыстарға жауапты болды.

АҚШ, Катар және Ресей елдерінде көптеген Шерил Гомез Америка Құрама өте жауапты инженерлік және басқарма Штаттарының азаматшасы. Ол Нотр-Дам лауазымдарда жұмыс жасады. Ол құрлықта университетін (АҚШ, Индиана штаты) және теңізде өндірістік нысандарды бітіріп, инженерлік-механика мамандығын жобалау және тұрғызу, кен орындарын меңгерді және Тулейн университетінде өңдеу жұмыстарын жобалау, құрылыс, (АҚШ, Луизиана штаты) MBA деңгейін жобалау және жүзеге асыру, өндірістік алды. шараларды басқару салаларында жұмыс жасады.

Бұл лауазымға тағайындалмастан бұрын жылдың үстінде жұмыс жасап келеді. екі жылдың үстінде Шерил Гомез-Смит Компания Теңіз алып кен орнын өңдеп «ЭксонМобил» компаниясының жаһандық жатқан «Теңізшевройл» (ТШО) операциялар бөлімінде өндіріс жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 25%, жұмыстарының менеджері қызметін Қашаған кен орнын қамтитын Солтүстік атқарып, компанияның жан-жақты, алдыңғы Каспийдің Өнімін Бөлісу Келісімшарты қатарлы тәсілдерін дайындауға, жүзеге (СКӨБК) аясында 16,81%, және Каспий асыруға және қолдануға жауапты болды. Құбырлар Консорциумының 7,5% үлесіне 2009-2013 жылдары Шерил Гомез-Смит ие. Қазақстан Республикасына бөлген Ресейдегі Сахалин-1 жобасының инвестициясы бүгінгі күні 10 миллиардтан операторы «Эксон Нефтегаз Лтд.» асқан «ЭксонМобил» компаниясы бұдан компаниясының өндіріс директоры болып әрі де республиканың ең ірі шетелдік жасап, «ЭксонМобил» компаниясының инвесторы болып қалмақшы.

ШЕВРОН КОМПАНИЯСЫНАН AUDIOKITAP



«Шеврон» компаниясы мен Қазақстандағы «Wikibilibim» қоғамдық қоры, Алматы қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінде Audiokitap мобильді жасақтамасының таныстырылымын өткізді. Қазақстанда

алғаш рет шығарылып отырған жасақтама қазақ тіліндегі әдебиет онлайн кітапханасына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

«Шеврон» компаниясының атынан салтанатты рәсімге қатысқан Жанболат Үсеновтың айтуынша: «Бұл жаңашыл және озық технологиялы жобаға компания қолдау көрсете отырып, бірнеше мақсатты көздеді, соның ішінде Қазақстанның мәдени мұрасын сақтап қалу, қазақ тілін қолдану өрісін кеңейту, жаңа ақпараттық технологияларды енгізу

және әдебиет пен кітап оқуды жастар арасында кеңінен тарату».

Әлібек Қисыбай, «Wikibilibim» қоғамдық қорының президенті бұл ойды жалғастырды: «Сандық ғасырда веб-құрамды мобильді технологияларға бейімдеу өте маңызды болып отыр. Қазақстан білімді аудио құралдар арқылы алу мәдениетін белсенді дамытып келеді. «Audiokitap» жасақтамасы да осы сандық теңсіздікті жоюға қосқан үлесіміз. Осы сияқты бастамалар Қазақстанның болашақтағы мәдени



және білім беру ортасын дамытуға үлкен септігін тигізбек».

Сондықтан күн сайын кеңейіп келе жатқан «Audiokitap» кітапханасында шамамен 2000- аудиокітаптар, соның ішінде оқулықтар, әдеби кітаптар, қазақ тіліне аударылған шетел әдебиеті жинақталған. Аудиокітаптар төрт санатқа бөлінген: ұлттық әдебиет, шетел әдебиеті, балалар әдебиеті және ертегілер.

Күннен күнге аудио құралдары арқылы оқуды және әлемді зерттеуді қалайтын жастар саны артып келеді. App Store және Play Market бағдарламалары арқылы жүктеуге болатын «Audiokitap» жасақтамасы іске қосылғалы бері, қысқа мерзім аралығында 3500 рет жүктеліпті. Ұйымдастырушылар тыңдаушылар саны жақын арада 10 000-ға жетеді деп сенеді



KAZENERGY Қауымдастығы
Баспасөз қызметі
Тел: +7(7172) 710181 , 790173
shaira@kazenergy.com